



Сыр бойы

30 шілде, сейсенбі 2024 жыл

№116 (20790)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдады.

Президентке еліміздің отын-энергетика кешенінің биылғы бірінші жартыжылдықтағы дамуы жөнінде есеп берілді.

Алмасадам Сәтқалиевтің айтуынша, осы уақыт аралығында 44,7 миллион тонна мұнай өндірілген. Мұнай өнімдерінің өндірісі 6,78 миллион тоннаға құраған. Сондай-ақ 30,1 миллиард текше метр газ

өндіріліп, электр қуатын өндіру көлемі 60,4 миллиард кВт/сағатқа жеткен.

Сондай-ақ Президентке тұтынушыларды электр қуатымен және жылумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жоспары жөнінде мәлімет берілді. Жанартылатын энергия көздерін дамыту шаралары туралы баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жылыту маусымына дайындық бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді және ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуді тапсырды.

/// ҮКІМЕТ

НӘТИЖЕ БАСЫ – НАҚТЫЛЫҚ

Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңес отырысында әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы мәселелер қаралды. Жауапты министрлер «Әлеуметтік әмиян», «Отбасының цифрлық картасы», мектепке дейінгі ұйымдарды дербестендірілген ваучерлік қаржыландыру барысы бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Кеңес отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев талқыланған мәселелерге орай жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

«Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесі 2023-2024 оқу жылында пилоттық жоба ретінде Қызылорда қаласындағы №264 мектеп-лицейіне енгізілген. Осы мектеп асханасынан тегін ыстық тамақ алушылардың автоматтандырылған есебін жүргізу үшін жүйеге 9-сыныптағы 18 бала тіркелген. Жұмысты одан әрі жалғастыруды тапсырамын. Қазіргі кезде оқу материалдарына лезде қол жеткізуді, мектеп ғимаратына кіруді қамтамасыз ететін және тамақтану үшін төлем құралы болатын оқушыларға арналған сәйкестендіру карточкасын іске қосатын «Ақпараттық-бағдарламалық кешен» жүйесіне облыстағы 87 мектепті енгізу жоспарланған. Бұл мақсатқа 119 млн теңге қаржы қаралды. Мемлекеттік сатып алу жұмыстарын 1 қыркүйекке дейін аяқтау керек. Жана оқу жылынан аймақтағы 87 мектепке орнатылатын «Ақпараттық-бағдарламалық кешен» жүйесін «Әлеуметтік әмиян» жүйесімен интеграциялау қажет, – деді аймақ басшысы.

Күн тәртібінде қаралған тағы бір мәселе – «Отбасының цифрлық картасы». Жоба 2023 жылдың 1 қаңтарынан бері мемлекеттік органдардың ақпа-

раттық жүйелерінің деректері негізінде іске қосылып, өзектендіру жұмыстары жүргізілді. Азаматтарға денсаулық, білім және әлеуметтік қорғау бағытындағы мемлекеттік қызметтер СМС-хабарлама арқылы көрсетіліп келеді. Өткен жылы цифрлық картаның деректерін өзектендіру жұмыстары басталып, 223002 отбасының немесе 853777 азаматтың ақпараты жинақталды.

2-бет



/// САПАР

ӨНІРДІҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



Кеше ҚР Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев өңірге жұмыс сапарымен келді. Іссапар барысында вице-министр облыс орталығындағы бірқатар өнеркәсіп және сауда орындарын аралап, кәсіпорын иелерімен кездесті. Вице-министрмен облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев болды.

Қайрат Төребаев алдымен «Абай-Дәулет» ЖШС-на барып, «Rice Shop Kz» брэнді бар күріш дүкенімен танысты. Серіктестік басшысы Мұрат Сәрсенбаев дүкен Сыр топырағында өсірілетін күріш сорттарын қолжетімді бағада сатып алу мүмкіндігін жасап отырғанын айтты. Бұл – аймақта күріш егіп, оны ақтаумен айналысатын барлық шаруашылықтың өз өнімдерін халыққа ұсынуына қолайлы орта жасауда таптырмас шешім.

Сондай-ақ «Kaz Fries» мұздатылған фри өндірісі мен күріш ақтау зауытының жұмысы таныстырылды. Айта кетейік, «Абай-Дәулет» серіктестігі күріш өндірісімен ғана емес, мал шаруашылығымен, ет өндірумен және көкөніс егумен айналысуда. Фри зауытында сағатына 300 келі өнім шығарылады.

Мұнан соң вице-министр «Алтын Орда» ЖШС ас тұзы мен күріш өндіру зауыттарының жұмыстарымен танысты.

Компания барлық талапқа және сапа стандарттарына сәйкес тұз шығаруды 2016 жылы қолға алған. Тұз екі түрлі зауытта өндіріледі. Сапа менеджменті жүйесі арқылы оны ақтаумен айналысатын барлық сапасы 100 пайыз қадағаланады. «Ас-сол», «Сафия» деген бренд қаптамадағы өнім Қызылордадан басқа елдің барлық облысында қолжетімді. Ал сырт елдерден Ресей, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Монғолия мен Балтық елдеріне экспортталып жүр. Алдағы уақытта өнімнің таралу географиясын біртіндеп кеңейту жоспарда бар.

2-бет

/// БІЗДІҢ АУЫЛ

«ҚЫЗЫЛЖАРМА» – ҚҰТТЫ МЕКЕН

Қала іргесіндегі «Қызылжарма» ауылдық округі кеңес кезеңінде халықты сүт және көкөніс өнімімен қамтамасыз еткен. Тарихы әріден басталатын ауылдың орталығы – бұрынғы «Комсомол», қазіргі «Қызылжарма» ауылы 1929 жылы құрылған. Көнекөз қариялардың айтуынша, Сырдария өзені сағасынан ауылға қарай қолдан канал қазылып, су жеткізілген. Канал қазғанда шыққан топырақ қып-қызыл болып үйіліп жатады екен. Осыған қарап, ауыл адамдары кетпенмен қазылған жарманы «Қызылжарма» деп атапты, оның бойында орналасқан ауылдық кеңес те осы атауды иемденген.



Ауылға кіреберісте 5547 әскери бөлімі орналасқан. Қала халқына таза ауызсу жеткізетін «Аққалай» ЖШС да осы маңда. Екі жағы жасыл желекке оранған Р.Батырбаев көшесі кең әрі жарығы да бар. Былтыр ауыл тұрғындарының сұрауымен салынған бағдаршам да сырттан келген әр жолаушыға бағдар беріп тұрғандай әсер қалдырады. Сол көшеден оңға бұрылған тұста ауыл әкімшілігі орналасқан. Әкімшілік ішіне бас сұққанымызда ауыл әкімі Шәріп Әбдірахманов ақсақалдармен ақылдасып отыр екен. Осы жердің тұрғыны, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Молдашбек Ордабаев кезінде Сырдария ауданына қараған «Қызылжарма» мықты совхоз болғанын айтады.

– Бұрын барлық шаруашылық нысан жұмыс істеп, жергілікті тұрғындар сол жерде еңбек ететін. Кейін егемендік алған тұста жағдай біршама қиындады. Бірақ жеке кәсіпке

тез бейімделіп аяққа тұрып кетті. Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, ауылда газ, жарық мәселесі шешімін тапқан. Халыққа қызмет көрсететін мекеме де көбейді. Ауылда 10 мыңнан астам тұрғын бар. Жыл сайын қоныс аударушы саны артып келеді. Ауызбірлігі мол ауылда қай істі де келісіп, ақылдасып жасаймыз. Жастар арасынан бұзақылық шыққан емес. Үлкенді сыйлап, кішіге ізет білдіретін кейінгі буын өкілдері өсіп келеді. Алдыңғы буын мен жастардың кездесуі жиі болып тұрады. Жұырда ғана сондай келелі басқосуымыз болды. Ауылдың тазалығын бірге ұстауға, түнгі уақытта бейберекет көше кезбеуге



шакырамыз. Бір сөзбен айтқанда, берекелі тіршілік кешіп отырған жайымыз бар, – деді ақсақал.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ АУЫЛЫ

Расымен уақытында түрлі өндіріс ошақтары жұмыс істеген. 1961 жылы «Комсомол» совхозы құрылып, қала халқын ауыл шаруашылығымен қамтамасыз еткен. Одан кейін құс фабрикасы беріге дейін облыс халқын құс еті және жұмыртқамен қамтыды.

Бірақ 2007 жылы жұмысын тоқтатқан. Ал 1971 жылы Қазалы ауданынан «Қызылжармаға» ауылшаруашылық техникумы көшіп келіп, 1977 жылы совхоз-техникум болып құрылған. 1992 жылы «Агрофирманың» құрылуына байланысты, техникум шаруашылықтан бөлінген. Ал 1997 жылы қаладағы бірнеше техникум біріктірілген. Солардың қатарында «Қызылжармадағы» совхоз-техникум да бар. 1992-1997 жылдары «Қызылжарма» ұжымдық кәсіпорны болған. 1992 жылы «Қызылжарма» ауылдық кеңесі «Комсомол», «Геолог», «Александровск» елді мекендері қаланың әкімшілік-аумақтық құрамына енгізілген. 2005 жылы ауылдық округ аумағынан «Геолог», «Александровск» елді мекендерінен «Талсуат» ауылдық округі құрылып, жоғарыда аталған елді мекендер соның құрамында болған.

«Қызылжарма» ауылдық кеңесін 20 жылдай басқарған «Еңбек Қызыл ту» ордені иегері Қалмақ Сексенбаевпен, «Комсомол» совхозын басқарған Кеңес Одағының Батыры Нағи Илиясовпен, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген агроном, «Еңбек Қызыл ту» ордені иегері Әшім Ибраевпен, екі мәрте «Еңбек Қызыл ту» орденін алған Жаксылық Зимановпен қалай мақтанса да жарасымды.

6-бет

НӘТИЖЕ БАСЫ – НАҚТЫЛЫҚ

Картадағы деректер отбасындағы әр азаматтың экономикалық, әлеуметтік, тұрғын үй жағдайы, денсаулық сақтау, білім саласы бойынша әл-ауқат деңгейі мен тәуекелдерін көрсетеді. Осының негізінде дағдарыс санатында 57 519 отбасы бар екені анықталды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына дағдарыс және мүшкіл жағдайдағы отбасыларды неғұрлым қолайлы санаттарға шығару үшін олардың әрқайсымен адрестік жұмыс жүргізу алгоритмін әзірлеу тапсырылды. Нәтижесі тиісті органдар мен қала және аудан әкімдіктеріне жолдануы керек. Цифрлық картадағы деректерге қарағанда, D, E санатындағы 223 539 адамның 46 786-сы міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорында сақтандырылмаған. Басқармаға қала және аудан әкімдері, денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, осы бағыттағы жұмыстарды шұғыл қолға алып, тиісті шара қабылдау міндеті қойылды. Мемлекеттік қолдауға мұқтаж отбасыларды анықтау үшін цифрлық картаның қолданыс аясын кеңейтіп, әр мекеме өз ақпараттық жүйесінің толымдылығына баса мән беруді қажет. Сондай-ақ «дағдарыс» және «мүшкіл» (D, E) санаттағыларды неғұрлым қолайлы санатқа ауыстыру мақсатында қала, аудан әкімдеріне және тиісті мемлекеттік органдарға әр отбасымен жеке адрестік жұмыс жүргізу қатаң тапсырылды. Қала және аудан әкімдері үшін D және E санатындағы отбасыларды осы жылдың I қарашына дейін 5%-ға төмендету көрсеткіші (KPI) белгіленуі тиіс.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда дербестендірілген ваучерлік қаржыландыру» жобасы бүгінде пилоттық режимде Тараз қаласында жүргізілуде. Облыстық білім басқармасына аталған тәжірибені жан-жақты зерделең, нақты ұсыныс беру тапсырылды. Қызылорда облысында биометрикалық сәйкестікті бақылайтын «Қазына-Фейс» мобильді қосымшасы арқылы балабақшаға күнделікті нақты келген балаға ғана мемлекеттік тапсырыс орналастыру мәселесі жолға қойылды. Облыс әкімі осы бағыттағы жұмыстарды да жүйелі жүргізуді міндеттеді.

1-бет

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаевпен бірге Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесіндегі қайта жаңғырту жұмыстарын көрді.

Бас мердігер «УАД» ЖШС 3,3 шақырымдық 4 жолақты көшеге

жаяу жүргіншілер жолын салып, жарықшамдар орнатады. Мамыр айында басталған жұмыс қазан айына дейін жалғасақ.

Облыс әкімі жаңғырту жұмыстарының ең басты талабы сапа мен мерзім екенін қаперге салды. Барлық жұмысты жоспарға сай орындап,

межелі уақытта пайдалануға беруді тапсырды.

Айта кетейік, биыл қала көшелерін, көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 12,7 млрд тенге қаралды.

«Қорқыт Ата» әуежайының аумағын көркейтеу, қала, кент пен ауылдық округтердің 75 көшесіне жарық бағаналарын орнату, 59 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жоспарланған.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕ БЕРЕДІ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте елді мекендерді көркейтеу, абаттандыру мәселелері талқыланды. Аймақ басшысы облыс орталығы мен барлық аудандағы атқарылған жұмыстарға күнделікті бақылауды күшейтуді тапсырды.

Қазіргі демалыс маусымында көпшілік орындардың келушілерге ыңғайлы әрі жайлы, ең бастысы, таза болғаны өте маңызды. Тазалық мәселесінде тұрғындарға жүктелетін жауапкершілікті де ұмытпау керек. Көше бойының, тұрғын үй аулалары мен ойын алаңдарының, жалпы қоршаған ортаның жинақталуы тиісті мекемелерге ғана емес, барлығымызға керек екенін естен шығармау қажет.

Айта кетейік, биыл қала көшелерін, көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 12,7 млрд тенге қаралды. «Қорқыт Ата» әуежайының аумағын

көркейтеу, қала, кент пен ауылдық округтердің 75 көшесіне жарық бағаналарын орнату, 59 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу жоспарланған. Құрылыс өткен жылы бастау алған 19 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы жұмыстарды аяқтау үшін 237 млн тенге бөлінген. Тағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласындағы ойын алаңдарын күрделі жөндеу үшін облыстық бюджеттен 1 млрд тенге қаралған. Бұған қоса 215,8 млн тенгеге 4 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы жөндеуде.

Облыс орталығына 10 заманауи аялдама салу үшін 52,5 млн тенге

қаралып, толығымен орнатылды. Және бір бағдарлама шеңберінде 332,6 млн тенгеге көшелерге бетон тарту, орталық зиратты қоршау, көпқабатты үйлерді абаттандыру қолға алынды. Қаланы көгалдандыру үшін құрылған «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне биыл 702,2 млн тенге қаржы берілді. Бұл жұмыстар толық аяқталғанда, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптасады, жолушылар және жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Жиында жауапты мекеме басшылары атқарылған жұмыстарды баяндады. Аймақ басшысы барлық істі сапалы атқарып, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ӨНІРДІҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Былтыр Сыр өңіріне ресми сапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұз өндіретін зауыттың жұмысымен танысып, кәсіпорын қызметін жоғары бағалаған болатын. Енділі мақсат – үшінші зауытты іске қосып, елдің азық-түлік өндірісін дамытуға үлес қосу.

Жалпы облыста еліміздің 90 пайыз күріші өндіріліп, ішкі нарықты жұмысымен танысып, кәсіпорын шетелдерге кенінен экспортталуда. Қайрат Төребаев кәсіпорын басшыларымен өңірдің бұл шаруашылықтағы климатын одан әрі дамыту жолдарын талқылап, бизнес өкілдерінің ұсыныстарын тыңдады.

Одан соң вице-министр республика бойынша алғашқы болып 2022 жылы іске қосылған «Orda Glass Ltd» табақша шыны өндіру зауытының жұмысымен танысты. Өңірдің өнеркәсіп саласының дамуына серпін берген шыны зауытына 42 млрд тенге инвестиция тартылды. Қажетті шикізаттар шетелден, әсіресе Ресейден, Өзбекстаннан тасымалдануда. Зауыт іске қосылған сәттен бастап 27,3 млрд тенгеге 20,8 млн шаршы метр шыны өндірілді. Өнімнің 70 пайызы ішкі нарыққа, қалғаны Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Грузияға және Ресейге экспортқа жіберіледі. Қазіргі таңда зауытта 400-ге жуық қызметкер жұмыс жасауда.

Атап өту қажет, облыс бойынша биылғы жылдың 5 айында шикізаттық емес экспорт көлемі 82 млн АҚШ долларын құрап,

былтырғымен салыстырғанда 2,4 есе өсті. Шикізаттық емес экспорттың оң динамикасына күрші өнімдер, уран шала тотығы экспортының өсуі және толық жобалық қуаттылыққа шыққан шыны зауыты экспортының нәтижесінде қол жеткізілуде.

Сонымен қатар, іссапар аясында Қайрат Төребаев «Сыбаға» сауда базарын аралап, базар басшысының ұсыныстарын тыңдады. Қазіргі таңда құрылысы жүріп жатқан «Сұлтан-2» сауда базарымен де танысып, құрылысына қатысты ой-пікірмен бөлісті. Бұдан бөлек, сауда базарларын жаңғыртудың Жол картасына сәйкес жаңғыртылатын «Асбол» базарына барып, базар иесінің ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Вице-министр мемлекет тарапынан лайықты қолдау болса, өнеркәсіп орындарының мүмкіндігі мол екенін, жалпы өңірдің экспорттық өндірістік әлеуеті жоғары екенін айтты.

Биылғы қантар-маусым айларында облыс бойынша жалпы сауда айналымы 356,7 млрд тенгені құрап, былтырғыдан 3,6 пайызға артқан. Атап айтқанда, бөлшек сауда айналымы 217,0 млрд тенгені құрап, 102,8 пайыз болса, көтерме сауда айналымы 139,0 млрд тенгені немесе 104,8 пайызды құрап отыр.

Айта кетсек, бүгін ҚР Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаевтың өңірдің бизнес өкілдерімен кездесуі, сондай-ақ, жеке қабылдау өткізуі жоспарланған.

«СБ» ақпарат

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА – ҰТЫМДЫ БАСТАМА

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғаны мәлім. Ұлттық жобаның жүзеге асуы Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен кеңесте қаралды.

Аталған құрылыста отандық өндіріс материалдарының үлесі орта есеппен 70%-ды құрайды. Жиһаздар отандық өндірістен ғана қарастырылған. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасы М.Айманбетовтың айтуынша, алғашқы нысандарды іске қосу белгіленген мерзімнен бұрын аяқталған, яғни, 21 жайлы мектеп тамыз айында оқу жылы басталғанға дейін ашылады. Бұдан әрі



жоспарға сәйкес қыркүйек айында 18 мектеп, қазан айында тағы 58 және жыл соңына дейін 112 мектеп ашылады. Сонымен қатар елімізде түрлі қаржы көздері есебінен 85 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр, оның ішінде 8 мектеп пайдалануға берілді және 30-дан астам мектепті жаңа оқу жылы басталғанға дейін салу жоспарланған.

Роман Скляр уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға отандық өндірісшілерді барынша тарту, құрылыстың сапасына қатаң бақылау жасау, пайдалануға берудің белгіленген жоспарын сақтау бойынша шараларды қамтамасыз етуді тапсырды.

БІЛІМ ГРАНТЫНА ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ АЯҚТАЛДЫ

Биыл 104 мыңнан астам талапкер білім гранттарына тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген. Ал өткен жылы 94 мыңнан астам өтініш қабылданған болатын.

Egemen.kz-тің хабарлауынша, биыл бакалавриатқа түсу үшін 79 мыңға жуық грант бөлінген. Гранттардың басым бөлігі инженерлік және техникалық бағыттарға үлестірілген.

Сонымен қатар биыл алғаш рет ішінара оқу ақысы бар сараланған гранттар енгізілген. Мәселен, «Педагогикалық ғылымдар» және «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» бағыттары бойынша 150 сараланған гранттан бөлінген. Сондай-

ақ «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 3 903 грант бар. Гранттар тізімінде халық тығыз қоныстанған және батыс өңірлердің жастарын жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін мақсатты білім беру гранттары қарастырылған.



Фото: Айнаж Әбдіқалиева

Талапкерлердің басым бөлігі, атап айтқанда, 42 мың бала студенттік жылдарын Алматы қаласында өткізуді жоспарлап отыр. Ал елордадағы оқу орындарына түсуге 22 мың талапкер иетті билдірген, 6,5 мың адам Шымкенттегі жоғары оқу орындарын таңдаған.

Еске сала кетейік, грант иегерлерінің тізімі 10 тамызға дейін Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде, www.testcenter.kz сайтында (ҰТО ресми сайты) және TESTCENTERKZ telegram парақшасында жарияланады.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 шілдедегі №1262 қаулысы

ЖЕР ҰЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР ҰЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 шілдедегі №01-03/1148 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иесі азамат Қанатжанұлы Дәулеттің Қызылорда қаласы, Әбілхайыр хан көшесі, №2 Д құрылыс мекенжайындағы жеміс-жидектердің маусымдық сауда нүктесі үшін көлемі 3264,0 (үш мың екі жүз алыс төрт) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-010-1825 жер учаскесін Қызылорда қаласы, Тәуелсіздік даңғылынан Саламатов көшесіне дейін Сырдария өзенінің қорғаныс бөгетін нығайтумен автомобиль жолының салынуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 25 қазан болып белгіленсін.

Қызылорда қаласының әкімі С. ҚОЖАНИЯЗОВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 шілдедегі №1263 қаулысы

ЖЕР ҰЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР ҰЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 23 шілдедегі № 01-03/1228 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иесі Смагулова Гулнара Смагуловнаның жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Яссауи көшесі, №4 А құрылыс мекенжайында орналасқан халыққа қызмет көрсету кешені үшін көлемі 7407,0 (жеті мың төрт жүз жеті) шаршы метр (кадастрлық нөмірі 10-156-005-1644) жер учаскесін Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Яссауи көшесін Бөкейхан көшесінен Қорқыт Ата көшесіне дейін абаттандыру және көгалдандыру жобасы жүзеге асырылуына байланысты мемлекет

мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 25 қазан болып белгіленсін.
- Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі С. ҚОЖАНИЯЗОВ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

24 шілде 2024 жыл

№109

Қызылорда қаласы

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТИҢ АТҚАРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

2023 жылға арналған түзетілген облыстық бюджет кірістер бойынша 100,8 пайызға атқарылған (бекітілген бюджет бойынша жоспар 485 364 608,0 мың теңге, түзетілген бюджет бойынша 548 928 423,4 мың теңге жоспар 553 242 841,5 мың теңгеге орындалған), оның ішінде бюджеттің өз кірістері 108,4 пайызға (бекітілген бюджет бойынша жоспар 40 355 107,0 мың теңге, түзетілген бюджет бойынша 51 405 951,6 мың теңге жоспар 55 720 369,6 мың теңге) орындалып, 4 314 418,1 мың теңге артық түскен.

2023 жылдың қорытындысымен облыстық бюджет шығындар бойынша (бюджеттік кредиттер мен қаржылық активтерді сатып алуы қоса алғанда) 99,6% Жете игерілмегені 1 932 291,9 мың теңге, оның ішінде бюджет қаражатының үнемделгені 1 046 396,4 мың теңгені құрады, субъективті себептермен игерілмегені 885 895,5 мың теңге.

Бюджет қаражатын игермегендер қатарында «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 671 467,2 мың теңге, «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 500 896,4 мың теңге, «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 326 365,6 мың теңге, «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 137 284,1 мың теңге, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 122 212,1 мың теңге, «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 68 621,8 мың теңге, «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 54 436,8 мың теңге, «Қызылорда облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі – 24 458,6 мың теңге, «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 19 163,5 мың теңге, «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі – 3 259 мың теңге, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 2 301,0 мың теңге, «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 1 560,2 мың теңге.

Сонымен қатар, республикалық және облыстық бюджеттерден аудандар мен Қызылорда қаласына бөлінген нысаналы трансферттер бойынша 1 631 755,7 мың теңге игерілмеген. Бюджет қаржысын игеруде 22 739 357,2 мың теңге дебиторлық және 703 339,7 мың теңге кредиторлық қарыз қалыптасқан. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV кодексінің 130-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы №148 заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2023 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 553 242 841,5 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 45 066 880,3 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 10 576 924,6 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 76 564,7 мың теңге;

трансферттер түсімі – 497 522 471,9 мың теңге; 2) шығындар – 541 466 758,9 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 7 746 343,8 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 19 025 335,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 278 991,2 мың теңге; 4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 6 291 830,0 мың теңге, оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 6 291 830,0 мың теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 2 262 091,0 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 262 091,2 мың теңге, оның ішінде: қарыздар түсімі – 17 587 080,0 мың теңге; қарыздарды өтеу – 10 603 525,1 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – -4 721 463,6 мың теңге.

2. Қызылорда облысы әкімінің облыстық бюджеттің атқарылуы және өнімді салық-бюджет саясатының тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы баяндамасы; Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасының нысаналы индикаторларына жол тектіздігі туралы баяндамасы;

Қызылорда облыстық мәслихатының экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы төрағасының осы баяндамасын қаперге алысын.

3. Қызылорда облысының тексеру комиссиясының 2023 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы есебі бекітілсін.

4. Қызылорда облысының әкімдігіне: 1) қаржының игерілуіне жол берген бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне ағымдағы қаржы жылының көрсеткіштерін жақсарту бойынша тиісті шаралар қабылдау; 2) облыстық басқармалар (бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) басшыларына және аудандар және Қызылорда қаласының әкімдеріне бөлінген қаржыны, оның ішінде нысаналы трансферттерді игеруі және оларға мониторинг жүргізу жауапкершілігін жүктеу; 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік жоспарлаудың және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша ұсынылатын есептердің сапасын арттыру; 4) Қызылорда облысының даму бағдарламасын іске асыру және бюджеттің атқарылуы барысында кемшіліктерді болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Тлеумбетов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 24 шілдедегі №109 шешімінің 1-қосымша

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТИҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Table with columns: Бюджеттік бағдарламаның кодтары, Атауы, Есепті қаржы жылғы бекітілген бюджет, Есепті қаржы жылғы түзетілген бюджет, Кассалық атқарылуы, Айырмасы (56а - б6а), Орындалу пайызы. The table contains detailed financial data for various budget items across different sectors.

МҮН ТЕНГЕ

Main data table with multiple columns containing numerical values and text descriptions for various categories and sub-categories.

Table with 7 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4, Value 5. Rows include various agricultural and industrial activities like 'Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер' and 'Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру'.

Table with 7 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4, Value 5. Rows include 'Қағбаға жануарларды егу және тартамыздыру', 'Иелері халықтың әлеуметтік осаң тоңтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру', and 'Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы'.

Table with 7 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4, Value 5. Rows include 'Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қаржылар бойынша сыйақылар мен өте де төлемдері тоғу бойынша борышына қызмет көрсету', 'Трансферттер', and 'Облыстың экономика және қаржы басқармасы'.

